



Нұра - Ақпарат

Құрметті мәдениет және өнер қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Қоғамдық өмірде мәдениеттің ролін бағалау мүмкін емес, өйткені мәдениет адам өмірі, демек, бүкіл қоғамның өмірі болып табылады. Мәдениет саласын дамыту ұрпақ пен халық арасындағы сенімді байланыстарды қамтамасыз етеді. Ол тұлғаның рухани қалыптасуына және оның адамгершілік тұрақтылығына, өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді.

Біз ауданымыздың мәдениетіне, мұрасына, өнеріне, халық шығармашылығына көңіл бөліп, өркенді мәдениетіміз бен өнегелі өнерімізді әрі қарай өрістету жолында қастерлі де қасиетті іс-қимылдарға толы қызметтеріңізге ризамыз. Осы салада аянбай еңбек еткен, халықтың көңілінен шығып, жүрегінен орын тапқан өнер ардагерлеріне ерекше алғыс білдіреміз.

Кәсіби мереке қарсаңында сіздерге және жақындарыңызға шығармашылық табыс, ұзақ өмір, мықты денсаулық пен баянды бақыт тілейміз.

Б.Мұқанов
Нұра ауданының әкімі
Қ.Жүнісбеков
Нұра аудандық мәслихат төрағасы

Уважаемые работники культуры и искусства!

От всей души поздравляем вас с вашим профессиональным праздником!

Роль культуры в общественной жизни невозможно переоценить, так как культура является той средой, в которой протекает человеческая жизнь, а значит, и жизнь всего общества. Развитие сферы культуры обеспечивает надежные связи между поколениями и народом, способствует духовному становлению личности и ее нравственным устоям, преемственности в деле воспитания молодого поколения на основе любви к своей стране.

Мы признательны всем, кто заботится о культуре нашего района, за внимание и бережное отношение к наследию прошлого, искусству, народному творчеству. Особые слова благодарности ветеранам сферы, стоявшим у истоков развития и навсегда вписавшим в летопись культурной жизни нашего края свои незабываемые страницы.

В преддверии профессионального праздника желаем вам новых профессиональных побед и творческого успеха, долгих лет жизни, крепкого здоровья и счастья вам и вашим близким.

Б. Муканов
Аким Нуринаского района
К. Жунусбеков
Председатель Нуринаского
районного маслихата

Халықпен ашық кездесу

Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы Нұркен Кобжанов Нұра ауданына жұмыс сапарымен келіп, Ақмет ауылы мен Нұра кентінің тұрғындарымен маңызды кездесу өткізді. Сапар барысында елді мекендердегі әлеуметтік ахуал, жергілікті инфрақұрылымның жай-күйі және тұрғындарды толғандырған өзекті мәселелер кеңінен талқыланды.

Іс-шараға Нұра ауданының әкімі Бақытжан Мұқанов, Нұра аудандық мәслихатының төрағасы Қуаныш Жүнісбеков және аудан деңгейіндегі жауапты басшылар қатысты. Делегация бірқатар әлеуметтік және спорттық нысандарды аралап, олардың қазіргі жұмыс барысымен танысты.

жалғасы 2-бетте



Руханият

«Ана бақыты» кітабының тұсаукесері өтті



Нұра кентінің Мәдениет үйінде, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Әбдікәрім Тазагүл Мұқашқызының «Ана бақыты» кітабының салтанатты тұсаукесері жоғары деңгейде өтті. Тағлымыды шараға, аудан әкімі Бақытжан Мұқанов, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, ұстаздар, Ана-лар кеңесінің мүшелері, жастар және кітап сүйер оқырмандар қатысты.

Шараның шымылдығы ананың қоғамдағы орны мен қадір-қасиетін дәріптеген әсерлі сөздермен ашылды. Жиында, ананың мейірімі мен тәрбиесі – ұлт болашағының негізі екені ерекше айтылып, кездесу «Кітап оқитын ұлт» жобасымен үндескен рухани шара екені атап өтілді.

жалғасы 4-бетте

21 мамыр – Мәдениет және өнер қызметкерлері күні

Мәдениет және өнер саласының қызметкерлері марапатталды



Нұра кентінің «Өлкегану» мұражайында мәдениет және өнер қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған «Мәдениет – ұлт руханиятының алтын қазығы» салтанатты шарасы өтті. Шараға кітапханашылар, мәдениет үйі қызметкерлері мен өнер жанашырлары қатысты.

Шара барысында, Нұра ауданы әкімінің орынбасары Салтанат Мұқанова, мәдениет және өнер саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың ауданның рухани-мәдени дамуына қосып жүрген елеулі үлестерін атап өтті.

жалғасы 2-бетте